

1993 жылы туған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Бұқар Жырау ауданының әкімінің 2010 жылғы 02 ақпандағы N 1 шешімі. Қарағанды облысы Бұқар Жырау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 ақпанда N 8-11-89 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар Жырау ауданының әкімінің 2010 жылғы 09 желтоқсандағы N 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар Жырау ауданының әкімінің 2010.12.09 N 7 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы

" Заңдарына сәйкес, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 1993 жылы туған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу 2010 жылдың қаңтарынан наурызына дейін жүргізілсін.

2. Селолық округтар мен кенттердің әкімдері азаматтардың ұйымшылдықпен міндетті келуін қамтамасыз етсін.

3. Бұқар жырау ауданы әкімінің орынбасары (Асхат Сағадиұлы Әли) азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша үйлестіру кеңесін өткізсін.

4. 1993 жылы туған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу қорытындылары туралы ақпарат 2010 жылдың 10 сәуіріне дейін Бұқар жырау ауданы әкімінің аппаратына ұсынылсын.

5. Бұқар жырау ауданы әкімінің 2009 жылғы 2 ақпандағы N 1 "1992 жылы туған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы" шешімінің (тіркеу нөмірі 8-11-71, аудандық N 5 "Сарыарқа" газетінде 2009 жылғы 7 ақпанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асхат Сағадиұлы Әлиге жүктелсін.

7. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Нашаров